

## ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА HISTORY OF KAZAKHSTAN

ҒТАХА 03.20.

DOI: <https://doi.org/10.62724/202610101>

**Бижанова Алия Ермековна<sup>\*1</sup>**

Тарих ғылымдарының кандидаты, Батыс-Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан, [aaliyka@mail.ru](mailto:aaliyka@mail.ru), ORCID ID: 0000-0001-9371-7198

### ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ: ТАЛДАМАЛЫҚ ШОЛУ

*Аңдатпа.* Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап Қазақстан Республикасы елден тыс жерде тұратын қазақ диаспорасымен белсенді байланыста болып келеді. Бұған қорытындылары жарияланған зерттеулер және осы тұжырымды растайтын мұрағаттық материалдар дәлел бола алады. Болашақта бұндай әрекеттердің арқасында дүниежүзіндегі қазақтар арасындағы көші-қон мен өзара іс-қимылдың ауқымы кеңейіп, қазақ халқының халықаралық байланыстарының жаһандық жүйесін қалыптастыруға ықпал етуіне күмән жоқ. Бұл Қазақстан мемлекетінің өз ұлтын біріктіруге және тарихтың әртүрлі кезеңдерінде кетуге мәжбүр болған қандастардың тарихи Отанына оралуына бағытталған бастамалар болды. Патшалық отарлау саясаты кезінде олар қудалаудан қашты, ал кеңестік кезеңде жиі қуғын-сүргінге ұшырап, «халық жауы» және «сатқындар» деп жарияланды. Қазақ ұлтын біріктіру мақсатында қазір жүргізіліп жатырған бұл саясатты Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігінің жарқын көрінісі ретінде қарастыруға болады. Бірнеше ғасырлар бойы болған қазақтардың көші-қон тарихын талдай отырып, олардың көпшілігі мәжбүрлі болды деген қорытындыны түйіндеуге болады. Бұндай мәжбүри қоныс аударулар оларды байыту немесе басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласу мақсаттарын көздемегені белгілі. Керісінше, олар әлеуметтік теңсіздіктен, заңсыздықтан, зорлық-зомбылықтан және ұлт ретінде жойылу қаупінен аулақ болуға ұмтылды.

*Кілт сөздер.* Қазақтар, диаспора, тарих, репатриация, демография, мемлекет, халықтар, жахандану, урбанизация.

**Бижанова Алия Ермековна<sup>\*1</sup>**

Кандидат исторических наук, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Уральск, Казахстан, [aaliyka@mail.ru](mailto:aaliyka@mail.ru), ORCID ID: 0000-0001-9371-7198

### ФОРМИРОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ КАЗАХСКОЙ ДИАСПОРЫ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ: АНАЛИТИЧЕСКИЙ ОБЗОР

*Аннотация.* Очевидно, что с первых лет независимости Республика Казахстан поддерживала активные связи с казахской диаспорой, проживающей за пределами страны. Об этом свидетельствуют как опубликованные исследования, так и архивные материалы, подтверждающие данный вывод. В дальнейшем масштабы миграции и взаимодействия между казахами по всему миру, вероятно, будут расширяться, способствуя формированию глобальной системы международных связей казахского народа. Это стало одной из первых инициатив казахстанского государства,

направленных на объединение нации и возвращение на историческую родину соотечественников, которые в разные периоды истории были вынуждены покинуть её. Во времена царской политики многие из них бежали от притеснений, а в советский период нередко подвергались репрессиям, объявлялись «врагами народа» и «предателями». Данную политику можно рассматривать как яркое проявление суверенитета и самостоятельности Казахстана. Анализируя историю миграций казахов на протяжении нескольких столетий, можно сделать вывод, что большинство из них носили вынужденный характер. Эти переселения не преследовали целей обогащения или вмешательства во внутренние дела других государств. Напротив, они были обусловлены стремлением избежать социального неравенства, беззакония, насилия и угрозы уничтожения. В то же время факты нелегальной эмиграции свидетельствуют о сохранявшихся в разные исторические периоды формах дискриминации и неравенства.

**Ключевые слова.** Казахи, диаспора, история, репатриация, демография, государство, народы, глобализация, урбанизация.

**Bizhanova Aliya Ermekovna**<sup>\*1</sup>

Candidate of Historical Sciences, West Kazakhstan University of Innovation and Technology, Uralsk, Kazakhstan, [aaliyka@mail.ru](mailto:aaliyka@mail.ru), ORCID ID: 0000-0001-9371-7198

## FORMATION AND DEVELOPMENT OF THE KAZAKH DIASPORA AT THE PRESENT STAGE: ANALYTICAL REVIEW

**Abstract.** It is obvious that since the first years of independence, the Republic of Kazakhstan has maintained active ties with the Kazakh diaspora living outside the country. This is evidenced by both published studies and archival materials confirming this conclusion. In the future, the scale of migration and interaction between Kazakhs around the world is likely to expand, contributing to the formation of a global system of international relations of the Kazakh people. This became one of the first initiatives of the Kazakh state aimed at uniting the nation and returning to the historical homeland of compatriots who were forced to leave it in different periods of history. During the tsarist policy, many of them fled oppression, and during the Soviet period they were often subjected to repression, declared "enemies of the people" and "traitors." This policy can be considered as a vivid manifestation of Kazakhstan's sovereignty and independence. Analyzing the history of Kazakh migrations over several centuries, it can be concluded that most of them were forced. These relocations were not intended to enrich themselves or interfere in the internal affairs of other States. On the contrary, they were motivated by the desire to avoid social inequality, lawlessness, violence, and the threat of annihilation. At the same time, the facts of illegal emigration testify to the forms of discrimination and inequality that persisted in different historical periods.

**Key words.** Kazakhs, Diaspora, history, repatriation, demography, State, Peoples, globalization, urbanization.

**Кіріспе.** Ғаламдық дамудың қазіргі кезеңінде шет елдердегі қазақ диаспорасына екі үдеріс тән болып тұр: өздері мекендеген елінде этникалық бірегейлікті сақтау және олардың Атамекенге оралуы. Шет елдердегі қазақ диаспорасы өзінің этникалық бірегейлікті сақтау үдерісі бірнеше критерийлермен сипатталады – қазақ қауымдастықтарының болуы және олардың даму деңгейі. Бұндай критерийлерге – неке және отбасы, этникалық қоғамдары, білім беру орындары мен тілін қамтиды. Заманауи

урбанизацияланған ортада өмір сүру басқа ұлттар сияқты қазақ диаспорасының өзіне тән ерекшеліктерінің бірі болып табылады. 1991 жылға дейін шет елдегі қазақ қауымдастықтарына тән және бір атап өтетін ерекшелік, негізінен, олардың біріккен ұйымдары немесе қоғамдарының болмауы болды. Бұл құбылысты біріншіден, олардың сан жағынан аздығымен түсіндіруге болады, ал, екіншіден, мысалы Түркиядағы қазақтардың түрік қауымдастықтарының бірлестіктері және этникалық ұйымдардың құрамында болуына әкелді. Бұндай құбылыс Қазақстан Республикасы Егемендігі мен Тәуелсіздігі жарияланғаннан кейін өзгере бастады. Қазіргі кезеңде әлемнің әртүрлі елдеріндегі қазақ диаспорасы жиі бас қосып кездесуге, бірлескен мәдени және спорттық іс шараларды ұйымдастыратын және басқа да қазақ қоғамдарын құру мақсатындағы әрекеттері өте белсенді. Бұл үдеріс қазақ диаспорасының этникалық бірегейлікті сақтау стратегиясы болып есептеледі.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Қазіргі кезеңде шет елдерде қазақ диаспорасының пайда болуын және қалыптасуын зерттеу мемлекетаралық деңгейдегі ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Көптеген тарихи-дүниетанымдық көзқарастар дәл осы процесті түсінуді дәлірек үйренуге мүмкіндік береді.

Мақаланың зерттеу тақырыбына байланысты Қазақстандық ғалымдар тарапынан біршама еңбектер жарияланды. Мысалы, А.П. Алиакбарованың «История казахской диаспоры в Турции», К.Н.Балтабаеваның «Казахская диаспора и репатриация. 1991-2012» атты қазақ және орыс тілдеріндегі еңбегі, З.К. Шәукенова, С.Е. Нұрмұратовтың «Қазақ эстетикасының құндылықтық-мағыналық негіздері» атты еңбегін атап айтуға болады. Бұдан сырт, Қытайтану және өзгеді шетелдегі қазақтар туралы зерттеген еңбектер қатарында Дүкен Мәсімханұлының «Шығыс әлемі: Аңыз бен шындық» атты зерттеулер жинағын, Досан Баймолданың 2015 жылы жарық көрген “Еуропадағы қазақтар” - атты зерттеу жұмыстарын және Нәбижан Мұқаметханұлының «Дипломатиялық қатынастар және Қытайтану мәселелері» - атты еңбегін қарастыруға болады. Бұдан бөлек шетелдік, әсіресе **T. Tsuda «Diasporic Homecomings: ethnic return migration in comparative perspective»**, американдық ғалымдардың еңбектері мен моңғол статистикалық мәліметтер (National Statistical Office of Mongolia) зерттеуге алғашқы теориялық және материалдық негіз болды.

Автордың өз мақаласында алдына қойған мақсаты – аналитикалық шолу жасап қазақ диаспорасының тарихын қалыптасуы және дамуы арқылы көрсету. Осы мақсатқа қол жеткізу кезінде зерттеу бойынша статистикалық деректерге шолу (зерттеу әдісі), сондай-ақ ғылыми жарияланымдарға тарихнамалық шолу жасалды (тарихи әдіс).

**Нәтижелер және оларды талқылау.** Әлемнің әртүрлі елдерінде тұратын қазақтарға трилингвизм тән: қазақ тілі, туылып өскен елінің тілі және өмір сүретін елінің тілі. Қазақ диаспорасының екінші және үшінші буыны күнделікті өмірде қазақ тілін қолдануы өте төменгі деңгейде. Сондықтан, аға буын өскелең ұрпаққа қазақ тілін оқыту және қазақ тарихы мен мәдениетін насихаттау үшін мектептер ұйымдастырудың бастамашысы болды. Шет елдерде құрылған қазақ тілі мен тарихын оқыту мектептерін Түркия мен Ұлыбританияда ашқан қазақ қоғамдарын атап өткен жөн. Сонымен бірге, тілді оқытуда қиындық тудырып отырған мәселе әр түрлі әліпбидің – кириллица, латиница және арабицаның болуы.

Қазақ диаспорасының өзіндік бірегейлікті сақтау үрдісі олардың отбасылық қатынастарында айқын көрінеді. Мысалы, Батыс Еуропа мен Солтүстік Америка елдерінде тұратын қазақтарда бір отбасылық – құрамында жұп пен олардың балаларынан тұратын қарапайым (нуклеарлық) шағын отбасы басым. Ал, Шығыс елдерінде және Түркиядағы қазақтар күрделі (бөлінбеген) отбасыларымен ерекшеленеді – ата-аналары балалармен (үйленбеген) және үйленген ұлдары, келіндері мен немерелерімен бірге өмір

сүруді жөн көреді. Қазақ диаспорасында аға буын этносаралық некені онша құптамайды. Азды-көпті қазақтар тек түркітілдес халықтарының өкілдерімен неке құрады, бұл олардың шығу тегінің туыстас тамырларымен түсінуге болады, өз кезегінде бұндай үрдіс некедегі үйлесімділік пен беріктікке әкеледі. Отбасылық-некелік қатынастардағы бұндай этнодифференциалды рөлді қазақтарға өздерін басқа этностардан оқшаулауға тырысу және қазаққа тектік байланысын немесе тиесілігін көрсетуге мүмкіндік беретін өзіндік сана болып есептеледі. Сонымен қатар, аралас некені құптамаудың тағы бір маңызды себебі – шетелдік қазақтар арасындағы дамыған діни факторды да айта кетсек болады.

1990 жылдарынан бастап Батыс Еуропа елдерінде тұратын қазақ диаспорасының екінші және үшінші ұрпақтың өкілдері мүлдем басқа көзқарас ұстанады, олар үшін этно-діни мәселелер жас үлкендері үшін онша маңызды емес. Мысалы, Франциядағы қазақ диаспорасы ең көп этносаралық некемен танымал.

Ұлттық бірігуде Түркиядағы қазақ қауымының өкілдері шет елдердегі басқа қазақтарға үлгі бола алды, өйткені, әрісесе бірегейлік тек қазақтардың күш-жігерінің арқасында ғана емес, сонымен бірге Шыңжаңнан келген қазақ босқындарына осы ел екінші Отанына айналуына түрік үкіметінің қолдауларының арқасында да мүмкін болды. 1990-шы жылдардағы Түркиядағы қазақ қауымдастығының тұрмыс тіршілігін зерттей отырып, 1970-ші жылдары қазақтардың аға буыны қалыптастырған этникалық бірегейлікті сақтау үдерісінің жемістері бүгінде айқын көрініп тұр. 1960 жылдары қазақтар Түркияның әр түрлі аудандарына қоныстана бастады, олардың балалары түрік мектептеріне бара бастады, бұл қазақтың бірегейлігін сақтау процесіне әсер ете бастады, өйткені, қазақ жастарының бір бөлігі бұрындары қазақ ақсақалдары қарсы болған «түрктендіру» процесіне ұшырады. «Түрктендіру» үдерісін қандай да бір жолмен тоқтату үшін аға буын өкілдері қазақтар бір ауданда біргіп, ол жерде қазақ бастауыш және орта мектептерін ашу идеясын алға тартты. Бұндай әрекеттердің нәтижесінде Стамбулдың Гунешли ауданында «Қазақкент» деп аталып кеткен кент пайда болды. Бұл кенттің ресми ашылуы 1973 жылы 15 тамызда болды. Алғашқы тұрғын үйлер өз Отанын еске салу ретінде «Алтай» деп аталған көшеде салынған.

Қазақтардың бір бөлігі Түркияның таулы аудандарын мекендеді, өйткені онда географиялық жағдайлар әдеттегі көшпелі өмір салтына сәйкес келді. Қазақтың иелігінде болған ең әдеттегі қоныс елге деген сағынышпен Алтайкөл деп аталды. Оларға бөлінген жер (20 мың гектар) бірыңғай мал шаруашылығымен айналысуға мүмкіндік бермеді, сондықтан кешегі көшпенділер қолөнер және ауыл шаруашылығына ауысуға мәжбүр болды. Бірте-бірте олар ауыл шаруашылығына да үйрене бастады, 1962 жылы ең алғашқы рет қазақтар тракторға отырды. Уақыт өте келе қазақтар бүкіл Түркияны қамтитын урбанизация процесіне тартылды. Анкарада қазақтар Ақтепе маңында, ал Стамбулда бес қала маңындағы және қалалық жерлерде қоныстанды [1].

1986 жылы желтоқсан айында Түркияда Алматыдағы жүз берген Желтоқсан оқиғаларына резонанс ретінде «Вакиф» деп аталатын түрік қазақтарының мәдени-ағарту қоғамы ұйымдастырылды. Қоғамды 10 құрылтайшылар ұйымдастырып, оның алғашқы төрағасы болып Токтаубай Топлу сайланды. 1988 жылы наурыз айында «Вакиф» түрік қазақтары қоғамының «Бюллетені» баспадан шыға бастады. «Бюллетеннің» тек екі нөмірі ғана жарық көрді. Бұл баспада қазақ халқының этнографиясы мен тарихы туралы материалдар, Түркия мен Батыс Еуропа елдеріндегі қазақ қауымдастықтарының өмірі туралы жаңалықтары, сонымен қатар, қазақ диаспорасының көрнекті қайраткерлері және кәсіпкерлермен сұхбаттар жарияланды.

Егемендік алғаннан кейін 1991 жылдан бастап түрік қазақтары мен Қазақстан Республикасы арасында көп қырлы әрі тығыз байланыстар дамып, нығайып келеді. Түркияда тұратын қазақтар үшін маңызды оқиғалардың бірі 1997 жылғы 28-29 наурыз

айында қазақтардың Кіші Құрылтайын өткізуі болды. Сонымен қатар, Түркиядағы қазақ қауымдастығы басқа ұлттар сияқты сепаратизммен ерекшеленбей жергілікті халықпен, үкіметпен және өздері мекендеген жергілікті әкімшілікпен жақсы қарым-қатынаста.

Түркия мемлекетінде жоғары білім алу өте қымбат, сондықтан ол қазақ жастарының басым көпшілігі үшін қолжетімді емес. Жоғары оқу орындарына оқуға түсетін қазақ жастары негізінен ең үздік студенттер санатына кіреді. Соңғы жылдары Түркиядағы кейбір қазақтардың екі жоғары білім алғандығы олардың үздік әрі зерек екендігінің дәлелі болып табылады. Қазіргі уақытта Түркияда бірнеше жүзден жуық қазақ қыздары мен ұлдары жоғары оқу орындарында – экономика, құрылыс, журналистика, медицина және құқықтану мамандықтары бойынша білім алуда. Алайда, ол жердегі қазақ жастарының көпшілігі өздерінің этникалық бизнесімен айналысады: былғарыны өңдеу, оларды тігу және сату.

Түркиядағы қазақтардың жанұялары көбінесе күрделі (болінбеген) болып, олар моноэтникалық формада, алайда, басқа түркі халықтарының өкілдерімен: Қырым татарларымен, қырғыздармен, ұйғырлармен некеге тұруы да көптеп кездеседі. Қазақ ер азаматтарының отбасы құру үшін олардың жас шегі біршама жоғарылау. Өйткені, жас қазақтар отбасын құру және толық жауапкершілікті мойнына алу үшін материалдық негізі қаланған кезде 30 жас шамасында некеге тұрады. Дәстүр бойынша, Түркиядағы отбасы үшін барлық жауапкершілік ер адамның мойнына жүктеледі. Жоғары білім алмаған қыздар көбінесе кәмелетке толғаннан кейін тұрмысқа шығып, өмірлік жолдастарына отбасылық өндірісінде көмектеседі.

Шет елдердегі қазақ жастары арасында Батыс Еуропа мен Солтүстік Америка елдерінде жұмыс істеу және жақсы өмір іздеп қоныс аудару мысалдары көптеп кездеседі. Соңғы жылдары олар Атамекені Қазақстанға да қоныстануға әрекеттенуде.

АҚШ-тағы өмір сүретін қазақтар басқа диаспоралардың өкілдерінен сан жағынан аздығы және өзекті мәселелерін бірлесіп шешетін өз қауымдастығына да ие емес, бұл өз кезегінде американдық қоғамында олардың ықпалының болмауына әкелді. Американдық қазақтар, Британиядағы қазақтар сияқты қоғамда бытыраңқылықпен сипатталады. 1996 жылы Индиана университетінде (Блумингтон) тәлім алатын бүкіл әлемнен келген қазақ студенттерінің қауымдастығы құрылды. Қауымдастықтың беделді жастары жыл сайын Наурыз мерекесін ұйымдастырады, қазақ халқының тарихы мен салт-дәстүрлерін басқа ұлттар өкілдеріне таныстырып, тақырыптық конференциялар өткізеді. Соңғы жылдары АҚШ-тағы қазақ диаспорасының саны Қазақстан Республикасынан келген қазақтардың АҚШ азаматтарымен этносаралық некеге тұруының, сондай-ақ американдық биліктің Қазақстанның аса көрнекті ғалымдары мен мамандарына елде тұру және қызмет ету үшін мүмкіндіктер беруінің арқасында қатары көбейіп келеді [2].

1960-1990 жылдардағы Британ билігі жүргізген иммиграциялық саясаттың салдарынан тұманды Альбион жағалауындағы қазақ диаспорасы өкілдерінің сан жағынан аз болуына әсер етті. Ұлыбританияда қазақтар негізінен Лондон мен Рединг қалаларын қоныстайды. Негізінен бұл қалаларда олардың шоғырлануы кәсіби бағыты мен қызмет саласына байланысты. Ұлыбританиядағы қазақ диаспорасы өкілдерінің барлығы дерлік моноэтникалық некені таңдап, олар өз отбасыларын тұрғылықты еліне әкелумен сипатталады. Сондықтан олар үшін этникалық тамырларын жоғалтпау, сонымен қатар, өздерінің балаларын қазақ тілі мен қазақ халқының дәстүрлерін үйренуге баулу өте маңызды болып саналады. 1992 жылы Ұлыбританияны мекендейтін қазақтар өздерінің қоғамын құруға шешім қабылдады. Қауымдастықтың негізін 1985 жылдан бастап Британия аралдарына Түркия мен ҚХР-дан оқуға немесе жұмыс істеуге келе бастаған қазақтар құрды. Бұл қоғамның мақсаты Ұлыбританияда тұратын қазақтар

арасында бір-бірімен байланыс орнату, сондай-ақ олардың этникалық Отаны – Қазақстанмен көпжақты байланыстарды нығайту қажеттілігі болды [3].

Өкінішке орай, Ұлыбританиядағы қазақ қауымдастығының ерекшелігі оның бытыраңқылығы болып табылады, өйткені қауымдастық ҚХР, Түркия және Қазақстаннан келген қазақтармен әлі де тығыз байланыс орнатпаған. Қауымдастықтың тіркеген мәліметтеріне сәйкес, Лондонда Түркиядан келген 65 қазақ диаспорасының өкілдері тұрады. Бұл санаққа ҚХР, Қазақстан және әлемнің басқа елдерінен келіп, олардың саны 100-120 отбасына дейін жететін қазақтарды кіргізбеген.

Германияны мекендейтін қазақ жастары мәдени-білім беру іс-шараларын өткізу мақсатында Мюнхен мен Кельн қалаларында екі қазақ қоғамын ұйымдастырды. Германиядағы қазақ диаспорасының өзекті мәселелерінің бірі – тіл мәселесі. Негізінен, қазақтар өз отбасыларында түрік тілінде, ал балаларының басым көпшілігі неміс тілінде сойлейді. 1993 жылы Мюнхен қаласында «Еуропадағы Қазақ түріктерінің Бюллетені» баспадан шыға бастады. Бюллетеннің бірінші нөмірі түрік тілінде, ал, екіншісі қазақ тілінде басылып шықты. Бюллетеньде Түркия, Германия, Франция, Швеция, Австрия, Ұлыбритания, Швейцария және Дания елдеріндегі қазақ қауымдастықтарында болып жатқан оқиғалар туралы ақпараттар және сол жылдары Қазақстандағы өзгерістер мен жетістіктер туралы хабарламалар жарияланды. Екі жыл ішінде бюллетеннің тек екі нөмірі жарық көрді (1993-1994 жж.).

Германияда тұратын қазақтардың ерекшелігі олардың жоғары білімнің деңгейі мен әлеуметтік мәртебесінің жоғары болуы болып табылады, өйткені қазақ иммигранттарының бірінші буыны өз балаларына тамаша білім беріп, олар қазір неміс қоғамында заңгер, стоматолог, инженер болып жұмыс жасайды. Отбасылық қатынастарда Германия қазақтары үлкен консерватизммен ерекшеленеді, мысалы, көрші Франциядағы қандастарымен салыстырғанда, олар Түркияды тұратын қазақ қандастарымен отбасы құруға тырысады. Сонымен қатар, түріктермен некелер жиі кездеседі, ал түркі емес халықтармен неке мүлдем кездеспейді.

Қазақ информаторларынан алынған мәліметтерге сәйкес, қазіргі уақытта Швеция мемлекетінде негізінен Түркиядан қоныс аударған 30-ға жуық қазақ отбасы өмір сүреді. Олар Стокгольм, Геттеборг, Евле, Вастерас қалаларында шоғырланған. Соңғы жылдары олардың саны швед азаматтарымен некеге тұрған және Қазақстаннан келген қазақтардың есебінен толықтырылуда.

Шетелдегі қазақтар - қай елде тұрса да қазақ халқының құрамдас бір бөлігі. Яғни, қазақ халқының бүгіні мен болашағына байланысты қолға алынған кез-келген іс-шара оларға да тікелей қатысты. Сондықтан да, шетелдегі қазақтар Қазақстанның атақ абыройының асқақтап, экономикасының дами беруіне барынша тілектес [4, 178 б.].

Қазіргі қазақ диаспорасына тән және бір үдеріс олардың Қазақстанға оралуы болып табылады. «Репатриация» немесе «кері қайтатын этникалық көші-қон» ұғымын эмигранттардың этникалық Отанына тұрақты тұру үшін оралу қозғалысы деп түсіну керек. Қазақтарды Қазақстанға қайтару үдерісі күрделі әрі оңай шаруа емес, өйткені, алдымен олардың тарихи тамыры мен заманауи салдарын тереңдетіп зерттеп шешім қабылдауды қажет етеді. Мемлекеттің қолдауымен немесе өздерінің жеке ниеті деңгейінде қоныс аудару жаппай немесе жеке сипатта болуы мүмкін [5, 4 б.].

Қазақстан үшін репатриация мәселесі Тәуелсіз және дербес мемлекет құрылғаннан кейін 1991 жылдан басталды. Қалыптасқан жағдайда моральдық және материалдық ауқымын қамтитын және маңыздылығы жағынан үш бөлімнен тұратын өзекті мәселелерді шешу қажет болды: 1) қазақ репатрианттарын өздерінің тарихи Отанына тасымалдауды ұйымдастыру; 2) оларға тұрғын үй, жұмыс және оқу орнындарын бере отырып, оларды жергілікке орналастыру және бейімдеу; 3) азаматтық және өз

құқықтарын беру немесе оларды қалпына келтіру. Қазақстан мемлекетінің мұндай іс-шараларды өткізуде бұрын тәжірибесі болмағандықтан, халықаралық қоғамдастықтың тәжірибесін зерделеп үйрену басталды. Әлемнің түрлі елдерінен қоныстануға келген қазақтардың өзіндік ерекшеліктеріне, проблемалары мен перспективаларына ие. Егер алғашқы жылдары қазақтар тарихи Отанына оралу үдерісі жылына бірнеше мың адамды құраса, кейін ала, олардың саны күрт қысқарды, яғни шетелде тұратын 2 қазақтың тек 1-і ғана Қазақстанға оралуға ниетті болды. Қоныстанушы қандастар санының күрт төмендеуі Республиканың тұрақсыз экономикалық жағдайы және егемендіктің алғашқы жылдарында қандастардың құқықтарын қорғайтын сенімді әрі дамыған заңнамалық негіздің болмауына байланысты болды. Сонымен қатар, бастапқы жылдары Қазақстанға қандастардың ағыны қарқынды болса (бір жылдары олардың саны жылына 73 мың адам болды), ал 1995 жылдан кейін бұл үдеріс бәсеңдеді [6].

Жаппай репатриацияның басталуы 1991 жылдың ақпанында, Моңғолиядан 97 қазақ Атамекенге қоныс аударған кезден басталады. Бұл стихиялық (үкімет деңгейде ұйымдастырылмаған) қоныс аудару болды. Олар Талдықорған (қазіргі Алматы) облысының Сарыөзек кентінде орналастырылып, мүмкіндігінше жұмыс орындарымен қамтылды. 1991-2000 жылдар аралығында Моңғолиядан Қазақстанға 64 мың қазақ оралып, олар негізінен Қостанай, Павлодар, Қарағанды облыстарында қоныстанды. Моңғолия қазақтары бір облыс шеңберінде, мысалы, Торғайда қоныстанғысы келді, яғни олар Қазақстанның басқа өңірлерінде шашыраңқы ретінде болғысы келмеді. Айтпақшы, қандастардың кешенді бір өңірге қоныстануға деген ұмтылысын, көшуге ниеттенген барлық қазақтар алға тартады. Моңғолиядан келген қандастардың ерекшелігі, олардың арасында зиялы қауымның үлкен өкілдігі болып табылды. Олардың арасында мамандығы бойынша жұмыс істеуге дайын дәрігерлер, инженерлер және ғалымдар болды.

2020 жылғы Ұлттық халық санағының деректеріне сәйкес, Моңғолияда 120 мыңнан астам қазақ тұрады, бұл елдің жалпы халқының 3,8%-ын құрайды. 2010 жылғы санақпен салыстырғанда, қазақ халқының саны шамамен 20 мың адамға артқан. Қазақтардың ең көп бөлігі Баян-Өлгий аймағында шоғырланған - 93 980 адам, бұл аймақ халқының 91,0%-ын құрайды, Ұлан-батырда - 10 570 қазақ (0,7%) тұрады. Ховд аймағында - 9 837 адам (11,2%), Дархан-Уул аймағында - 2 612 адам (2,5%), Сэлэнгэ аймағында - 1 015 адам (1,0%), Төв аймағында - 930 адам (1,0%), Орхон аймағында - 673 адам (0,7%), Хэнтий аймағында - 539 адам (0,7%) бар. Увс және Дорноговь аймақтарының әрқайсысында қазақ қауымының 100-ден астам өкілі тұрады. Ал Моңғолияның төрт аймағында қазақтар мүлде жоқ, олар: Архангай, Баянхонгор, Өмнөговь, Хөвсгөл. Қалған аймақтарда қазақ этносының өкілдері өте аз мөлшерде кездеседі. Сонымен қатар, қазақтардың 42%-ы қалалық жерде, ал 58%-ы ауылдық жерде тұрады [7].

Иран мемлекетінен Қазақстанға қандастардың жаппай репатриациялануы 1993 жылғы ақпан айында Иран үкіметімен қазақ делегациясы арасында жасалған келісім шарт негізінде басталды. Ол кезеңде Ирандағы қазақ диаспорасы 1920-1930 жылдардан бері сол елде тұрып жатқан 5 мың ирандық қазақтан және 1980 жылдары жүз берген әскери қақтығыстар себебінен Ауғанстаннан қоныс аударып келген 5 мың қазақ босқындарынан құралды. Ауған қазақтарының қажетті әлеуметтік және азаматтық құқықтардың болмауының салдарынан олардың жағдайы өте нашар болды. Иран мен Қазақстанның Еңбек министрліктері арасында жасалған келісім шарт нәтижесінде қазақтарды тарихи Отанына қайтару ісіндегі өзара іс-қимыл және ынтымақтастық туралы келісімге қол жеткізілді. Айта кету керек, Ауған қазақтары тарихи Отанына Ираннан оралғандардың сан жағынан көпшілігін құрады, ал қандастардың аз ғана бөлігі шығысы жағынан Иран азаматтары еді. 1993 жылы Қазақстан Үкіметінің қаржылай

қолдауымен Иран мемлекетінен Қазақстанға 3661 адамнан тұратын 722 отбасы көшіп келді. Келесі бұндай қадам 1995 жылдың күзінде ғана мүмкін болды. Ираннан келген қандастардың бірінші тобы Маңғыстау және Алматы облыстарында орналастырылды, онда жергілікті билік қоныс аударушыларға баспана беріп, азық-түлікпен қамтамасыз етті.

Иран мен Ауғанстаннан қазақ босқындарының Атамекенге оралуы әлемдік қоғамдастықта кең резонанс тудырды. 1996 жылдың шілдесіне дейін Иран мен Ауғанстаннан 1280 қазақ отбасы Қазақстанға оралды. Бұндай күрделі іс шараны жүзеге асыруда БҰҰ-ның босқындар жөніндегі Жоғарғы Комиссарының басқармасы Қазақстан мемлекетіне материалдық-техникалық көмек көрсетті. БҰҰ басқармасынан бөлінген қаражатқа Түркістан қаласының маңындағы «Достық» кентінде 60 тұрғын үй салу үшін құрылыс материалдары алынды, сонымен бірге, мектеп және су құбыры жүйесі жүргізілді. Осылайша, Иран мен Ауғанстаннан келген қандастарға экономикалық-гуманитарлық көмек көрсетілді. Қандастарды Түркістаннан басқа Маңғыстау мен Қызылорда облыстарының аумағына орналастырылды.

Қазақтардың Түркиядан оралуы Моңғолия мен Ираннан келген сияқты жаппай түрде болмады. 1982 жылы ауған қазақтарының 500-ге жуық отбасысы әскери босқындар ретінде Түркияға қоныс аударды. Түркияда олар Стамбул қаласының іргесінде орналасып, олардың кейбіреулері әлі күнге дейін сол жерде мекендейді. 1991 жылдан бастап оларды Түркиядан Қазақстанға репатриациялау басталды, олардың жалпы саны 300 отбасы немесе 3500 адамы Атамекенге оралды. Олардың басым көпшілігі Алматы мен Түркістан облыстарында орналастырылды.

Қандастардың ең басты ерекшелігі – олар қазақ халқының құрамдас бөлігі және қазақ тілінде сөйлейтіндер болып табылады. Қандастардың есебінен Қазақстандағы қазақтардың пайыздық ара-қатынасы бірнеше есеге өсті [8].

Қандастардың Қазақстанда күнделікті тұрмысқа жылдам бейімделуіне кедергі келтіретін себептердің бірі – олардың орыс тілін білмеуі. Орыс тілін білмеу Қытайдан, Ираннан және Ауғанстаннан қоныстанған қандастарға тән. Моңғол қазақтары үшін бұл өткір мәселе емес, өйткені олардың көпшілігі бұрынғы КСРО-да жоғары білім алған.

1995 жылдан бастап Қазақстан Республикасы мен қазақ ирреденті мен диаспорасы өкілдері арасындағы қарым-қатынастың жаңа кезеңі басталды. Ең алдымен, Қазақстан Республикасының Президенті 1996 жылдың 31 желтоқсанында бекіткен «Қазақ диаспорасын қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы» әзірленді. 1997 жылы «Көші-қон туралы Заң» қабылданып [9], басқа да үкіметтік актілерге, қаулылар мен нұсқауларға қол қойылды. Қандастар үшін мемлекеттік квоталар белгіленді. Қазақ диаспорасы мен ирреденттердің елге оралу мәселелері Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Көші-қон және демография агенттігінің және қандастардың өзекті мәселелерімен тікелей тығыз айналысатын Дүниежүзілік қазақтар қауымдастығының көмегімен азды-көпті сәтті шешіле бастады. Жалпы, егемендік жылдарында Қазақстанға әлемнің түрлі елдерінен, негізінен Моңғолия, ҚХР, Иран, Ауғанстан, Түркменстан, Ресей, Өзбекстан елдерінен 2 млн жуық қазақ Атамекенге оралды [10].

**Қорытынды.** Шет елдердегі қазақ диаспорасы мен ирреденттің тарихи және қазіргі заманғы мәселелерін терең зерделеу қажет, өйткені олар біртұтас тарихи және мәдени тамыры бар бүкіл қазақ халқының құрамдас бөлігі болып, олардың тағдырлары Қазақ мемлекетінің тағдырымен тығыз байланысты [5,172 б.]. Жаһандану жағдайында диаспоралардың рөлі мен маңызы айтарлықтай артып, олардың қазіргі әлемдегі әлеуметтік-экономикалық және саяси үдерістерге ықпалы күшейе түсуде. Осыған байланысты ҚР шет елдегі қандастарды қолдауға бағытталған арнайы бағдарламалар әзірлеуге, сондай-ақ бұл салада жұмыс жүргізетін мемлекеттік құрылымдар мен

қоғамдық ұйымдардың қызметін үйлестіруге тиіс. Мұндай үдерісте шет елде өмір сүріп жатқан отандас ғалымдардың ғылыми қауымдастықтары, диаспоралық ұйымдар және ұлттық мәдени орталықтар маңызды рөл атқарады. Көп жағдайда бұл ұйымдар шыққан елдің тікелей институционалдық қатысуынсыз қалыптасады.

Шет елдерде өмір сүретін қазақтар біртұтас қазақ ұлтының құрамдас бөлігі. Олардың көпшілігі ана тілінде таза сөйлейді, көпғасырлық ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды сақтап, Қазақстанды өзінің тарихи Отаны деп санайды. Кейбір елдерде тұратын қазақ диаспорасының өкілдері өз ана тілінде білім алуға, ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді дамытуға мүмкіндігі бар, бұл оларға шет елдерде өмір сүріп қазақ мәдениетінің, әдебиеті мен өнерінің өте бай қабатын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Қазақ диаспорасы Қазақстан Республикасының халықаралық аренадағы қызметінің маңызды элементі болып табылады, өйткені ол үш түрлі құрамдас бөлікті біріктіреді: қандастардың тарихи тамыры созылып жатқан ел ретінде; қазіргі заманауи диаспора; көші-қон ағымын қабылдаған мемлекеттер ретінде.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Алиакбарова, А. П. История казахской диаспоры в Турции [Текст] / А. П. Алиакбарова, З. О. Дукенбаева // e-du.e-history.kz. – 2019. – № 2 (18). – С. 9.
- 2 Tsuda, T. Diasporic homecomings: ethnic return migration in comparative perspective [Text] / T. Tsuda. – California : Stanford University Press, 2009. – 480 p.
- 3 Альфф, Х. Иммиграция этнических казахов и миграционная и интеграционная политика Казахстана: за и/или против? [Текст] / Х. Альфф // Оралманы – этнические казахи в поисках идентичности: аспекты интеграции в современное казахстанское общество. – Алматы, 2009. – С. 16.
- 4 Шәукунова, З. К. Қазақ эстетикасының құндылықтық-мағыналық негіздері [Текст] : монография / З. К. Шәукунова, С. Е. Нұрмұратов ; жалпы ред. басқ. З. К. Шәукунова, С. Е. Нұрмұратов. – Алматы : Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 234 б.
- 5 Балтабаева, К. Н. Қазақ диаспорасы және атамекенге оралу (1991–2012) [Текст] / К. Н. Балтабаева, Т. А. Мамашев, Ж. Ермекбай, А. Баймағамбетова. – Алматы : Елтаным, 2016. – 592 б.
- 6 Олкотт, М. Б. Казахстан: не пройденный путь [Текст] / М. Б. Олкотт. – М. : Генфальд, 2003. – 354 с.
- 7 National Statistical Office of Mongolia. 2020 Population and Housing Census of Mongolia [Text] : national report. – Ulaanbaatar : National Statistical Office of Mongolia, 2020. – 298 p.
- 8 Генина, А. Репатриация этнических казахов: много вопросов – мало ответов [Текст] / А. Генина // Оралманы – этнические казахи в поисках идентичности: аспекты интеграции в современное казахстанское общество. – Алматы, 2009. – С. 53.
- 9 Қазақстан Республикасы. Халықтың көші-қоны туралы [Текст] : Қазақстан Республикасының Заңы, 1997 жылғы 13 желтоқсан // Әділет : ақпараттық-құқықтық жүйе. – URL: [zan.kz](http://zan.kz).
- 10 Isakov, B. N. History and prospects of development of the Kazakh people in Uzbekistan [Text] / B. N. Isakov // International Journal of History and Political Sciences. – 2025. – Vol. 5, № 6. – P. 19–22. – DOI: <https://doi.org/10.37547/ijhps/Volume05Issue06-04>.

### REFERENCE

- 1 Aliakbarova, A. P., Dukenbaeva, Z. O. Istoriya kazakhskoi diaspori v Turtsii [History of the Kazakh Diaspora in Turkey]. e-du.e-history.kz. (2019): No. 2 (18). P. 9. – (In Rus)

2 Tsuda, T. Diasporic homecomings: ethnic return migration in comparative perspective. California: Stanford University Press, (2009): 480 p.

3 Al'ff, Kh. Immigratsiya etnicheskikh kazakhov i migratsionnaya i integratsionnaya politika Kazakhstana: za i/ili protiv? [Immigration of Ethnic Kazakhs and the Migration and Integration Policy of Kazakhstan: For and/or Against?]. In: Oralmany – etnicheskie kazakhi v poiskakh identichnosti: aspekty integratsii v sovremennoe kazakhstanskoe obshchestvo [Oralmans – Ethnic Kazakhs in Search of Identity: Aspects of Integration into Modern Kazakhstani Society]. Almaty, (2009): 16 b. – (In Rus)

4 Shaukenova, Z. K., Nyrmuratov, S. E. Kazakh estetikasynyñ qúndylyqtyk-magnalyk negizderi [Value-Semantic Foundations of Kazakh Aesthetics]: monografiya / zhalpy red. bask. Z. K. Shaukenova, S. E. Nyrmuratov. Almaty: Filosofiya, sayattanu zhane dintanu instituty, (2014): 234 b. – (In Kaz)

5 Baltabaeva, K. N., Mamashev, T. A., Ermekbai, Zh., Baimagambetova, A. Kazakh diasporasy zhane atamekenge oralu (1991–2012) [The Kazakh Diaspora and Return to the Homeland (1991–2012)]. Almaty: Eltanym, (2016): 592 b. – (In Kaz)

6 Olcott, M. B. Kazakhstan: ne proidennyi put' [Kazakhstan: The Untraveled Path]. M.: Genfal'd, (2003): 354 s. – (In Rus)

7 National Statistical Office of Mongolia. 2020 Population and Housing Census of Mongolia: national report. Ulaanbaatar: National Statistical Office of Mongolia, (2020): 298 p.

8 Genina, A. Repatriatsiya etnicheskikh kazakhov: mnogo voprosov – malo otvetov [Repatriation of Ethnic Kazakhs: Many Questions – Few Answers]. In: Oralmany – etnicheskie kazakhi v poiskakh identichnosti: aspekty integratsii v sovremennoe kazakhstanskoe obshchestvo [Oralmans – Ethnic Kazakhs in Search of Identity: Aspects of Integration into Modern Kazakhstani Society]. Almaty, (2009): 53 s. – (In Rus)

9 Kazakhstan Respublikasy. Khalyktyñ koshi-kony turaly [On Population Migration]: Kazakhstan Respublikasynyn Zany, 1997 zhylgy 13 zheltoqsan. Adilet: akparattyk-kukykytk zhuie. URL: [zan.kz](http://zan.kz). – (In Kaz)

10 Isakov, B. N. History and prospects of development of the Kazakh people in Uzbekistan. International Journal of History and Political Sciences. (2025): Vol. 5, No. 6. P. 19–22. DOI: <https://doi.org/10.37547/ijhps/Volume05Issue06-04>.